

*«Күншуақ бөбекжай бақшасы» МКҚК*



*Тақырыбы: «Армысың, Әз Наурыз!»*

*№ 7 «Шаңырақ» ортаңғы тобы*

*Тәрбиешілер: Шарипова Ж.М, Сүлейменова З.Ж*

*2023 жыл, наурыз айы*

## **Тақырыбы: «Армысың, Әз Наурыз!»**

**Мақсаты:** Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесінің ерекшеліктерімен таныстыру, Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, мерекелік көңіл - күй қалыптастыру. Әртүрлі ұлттық ойындар арқылы балалардың тілін дамыту. Туған елге деген сүйіспеншілікпен бірге салт - дәстүрді құрметтеуге, үлкендерді және бірін - бірі сыйлауға тәрбиелеу.

### **Барысы:**

(Музыка ырғағымен әже кіреді)

**Әже:** Уа, халайық армысыздар! Бүгін біздің ауылда үлкен той.

Қазағымыздың жаңа жыл мерекесі Наурыз құтты болсын! . Бұл – үлкен қуаныш, мереке. Сіздер осы тойдың үлкен сыйлы қонағысыздар. Көңіл көтеріп, демалып отырыңыздар.

Жылда осы уақытта немерелерім қонаққа келуші еді, кешігіп жатыр, көрінбей ме?

(Музыка ырғағымен балалар кіріп, сәлем беріп, малдас құрып отырады)

**Әже:** Қош келдіңдер, құлындарым, жоғары шығыңдар!

**Тәрбиеші:** Наурыз тойы – ақ батаның бастауы,

Береке мен бірліктің жалғауы.

Жеті түрлі қасиетті дәмменен,

Байтақ елдің бір толады астауы.

- Балалар, айтыңдаршы, Наурыз мейрамы жылдың қай мезгілінде келіп отыр?

Балалар: Көктем мезгілінде.

**Тәрбиеші:** Дұрыс айтасыңдар, көктемде. Ал көктемді қалай сипаттауға болады?

**Балалар:-** Жер көгереді, ағаштар бүршік атады.

**Тәрбиеші:-** Ия, табиғат құлпырып, бізді бір әдемі әлемге апарады.

**Әже,** Наурыз көже өте дәмді екен. Оны қалай дайындадыңыз?

**Әже:** Қарақтарым. Наурыз көже Наурыз мейрамының негізгі тамағы.

Оған 7 түрлі тағам қосылады. Олар: қыстан қалған сүр, айран, сүт, тұз, құрт, тары, бидай. 7 саны киелі сан. Ал наурыз көже тоқшылық белгісі.

**Тәрбиеші:** Өте тамаша. Әжеміз бізге арнап көже дайындап қойған екен көп-көп рахмет.

Әже, біздің балаларымыз наурызға тақпақ айтып би билегілері келіп тұр екен, олай болса кезекті балаларға берейік.

## **Диана**

*Наурыз тойым, Наурыз тойым.*

*Құтты болсың халайық!*

*Қане, достар, қане, достар,*

*Шырқап әнге салайық.*

## **Бексұлтан**

*Осыншама жақсылық*

*Алып келген Наурызым*

*Төрлет бізге нұр беріп,*

*Шуақ шашып ақ жүзің!*

## **Әли**

*Наурыз шаттық әніміз*

*Салтанатты сәніміз*

*Ән саламыз бәріміз*

*Би билейміз бәріміз*

## **Ахмад**

*Наурыз айы - гүл айы*

*Наурыз айы - нұр айы*

*Наурыз айда халқымның*

*Құлпыра түсер шырайы*

## **Мадина**

*Уа, халайық, халайық!*

*Әсем әнге салайық*

*Наурыз тойын көңілді*

*Бірге қарсы алайық*

**Би;** « Наурыз –көктем» ортаға қыздарымызды қошеметпен шақырайық

**Әже:** Рахмет балаларым

**Тәрбиеші:** Ал, енді, «Тойдың көркі – ән» дейді халқымыз, олай болса, Наурыз тойда жырдан шашу шашайық.

**Ән:** «Наурыз келді»

*Қонаққа Алдар Көсе келеді.*

*Алдар Көсе: Мен Алдармын, Алдармын,*

*Балалармен ойнаймын.*

*Ренжітер сәбилерді ,*

*Тентектерден қорғаймын.*

*Құтты болсын Наурызым!*

*Қарным тойған күлкіге,*

*Базарлығым тағы бар,*

*А-а-а-а-а-а-а-а-а-а .*

**Жүргізуші:** Қош келдің, Алдар Көсе балаларымыздың өнерін бірге

тамашала.

**Алдар Көсе:** Ия дұрыс айтасыз, балалардың өнерін тамашалап, күштерін сынауға келдім. Балалар мен сендермен күш сынасқым келіп тұр. Қане күштеріңді байқайық.

(ортаз

а балалармен күш сынасуға шығып, қол күрестіреді)

**Ойын:** «Кім күшті?» қолмен күш сынасу, қыз қуу

**Алдар Көсе:** Байқаймын балалар, шетінен мықты екен, мені жеңіп қойдыңдар.

**Жүргізуші:** Олай болса балаларымыздың «Жігіттер» биін тамашалаңыздар.

**Би:** «Жігіттер» ұлдар би

**Ән** «Көктем келді»

**Тәрбиеші:** Батаменен ел көгерер дегендей, әжемізден бата сұрайық

Наурыз құтты болсын!

Дендеріміз сау, мықты болсын!

Наурыз тойы келе берсін!

Барлық халық бақытты болсын,

Қош, сау болыңыздар, халайық!

Көріскенші күн жарық болсын!

Барлықтарыңызды Наурыз дастарханына шақырамыз. Көжеден дәм татыңыздар.





